

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

07 наурыз 2018 жыл

### **KASE гендерлік теңдікке арналған бағалы қағаздар сауда-саттығын ашу рәсімін өткізді**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE) 2018 жылдың 07 наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) "Тұрақты қор биржалары" Бастамасына (бұдан әрі – UN SSE Бастамасы) және "БҰҰ-әйелдер" қосылу шегінде KASE нарықтарында "Ring the Bell for Gender Equality" сауда-саттықтың ашылу рәсімін өткізді.

Осы іс-шара Халықаралық әйелдер күні орай және БҰҰ жариялаған тұрақты даму идеяларын жүзеге асыру, соның ішінде гендерлік теңдікке жету мақсатында өткізілді. "Ring the Bell for Gender Equality" іс-шарасын өткізу әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыру үшін гендерлік теңдікке жетудің маңыздылығын көрсетеді.

Салтанатты рәсімге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, "Бағалы қағаздардың бірыңғайтіркеушісі" АҚ, "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ "Атамекен" ҰКП" АҚ, "Бәйтерек" Ұлттық Басқарушы Холдинг" АҚ "Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясы" ЗТБ, "Қазақстанның іскер әйелдерінің ассоциациясы" ҚБ, IFC Kazakhstan және, KASE мүшелері болып табылатын, ірі қаржылық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Кәсіпкер, новаторлар және жетекшілер ретінде әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту заманы қоғамның маңызды мәселесі болып табылады.

Қазақстан, жаһанның бір бөлігі ретінде, гендерлік теңдікке ұмтылады. Осы кезде әйелдер Қазақстанның ішкі жиынтық өнімнің 40 пайызын қамтамасыз етеді және еліміздің кіші және орта бизнесінде еңбек ететін тұлғалардың 52 пайызын құрайды. Дүниежүзілік экономикалық форумның әзірлеген "The Global Gender Gap Report – 2017" баяндамасында "The Global Gender Gap" индексында 52 орын алса, Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттіліктің Жаһандық индексында "Жұмыс істейтін әйелдер" көрсеткіші бойынша 25 орынға иеленді.

KASE UN SSE Бастамасына 2015 жылдың 24 қыркүйегінде қосылды.

### **Анықтама үшін**

**Біріккен Ұлттар Ұйымының "Тұрақты қор биржалары" Бастамасы** – ұзақ мерзімді тұрақты инвестициялауды қамтамасыз ету, ақпараттар ашу деңгейін арттыру және ESG халықаралық стандарттарына сәйкестікке жету мақсатында биржалар, инвесторлар және реттеушілер арасында ынтымақтастықты нығайту үшін арналған платформа. Бастама 2009 жылы БҰҰ бұрынғы Бас хатшысы Пан Ги Мунмен құрылған.

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE)** Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

2015 жылы KASE БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" Бастамасына қосылды. KASE ТМД елдері арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орында, ал FEAS биржаларының акциялар нарықтарының капитализациясы бойынша алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)